

Айтенова Эльмира Абдиалиевнаның «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазған «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс әрекетке даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу жұмысының көкейкестілігі мен оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламаларымен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемнің озық отыз елінің қатарына енуі жағдайында бәсекеге қабілетті маман даярлау қажеттілігі бүгінгі білім беру саласын жаңғыртуды, жаңартуды, жаңдандыруды, инновациялық технологиялармен қамтамасыздандыруды талап етуде. Осы орайда Қазақстан Республикасында 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасында «Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру әлеуметтік және экономикалық жағдайың өзгеруіне ғана емес, бар қолданыстағы шындыққа белсенді ықпал етіп, оны жақсартуға дайын болатын үрпақ тәрбиелеу» екендігі айтылған. Соңдай-ақ, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауларында мамандар даярлауға өзгерістер енгізуін бірқатар шарапары «сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігі» атап көрсетілген. Ал, бұл өз кезеңінде жоғары педагогикалық білім беру үйімдарындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлаудағы бірқатар мәселелерді зерттеуді қажет етеді. Соның бірі – болашақ мұғалімдердің практикалық-бағдарланған даярлығын жетілдіру.

Осыған байланысты педагогикалық білім беруде теориялық даярлығы мен практикалық даярлығы оку орнында және өндірісте (бала бақшаларда, мектептер мен колледждерде) қатар жүруді жүзеге асыратын дуальді оқыту өзекті болып табылады. Олай дейтініміз, дуальді оқыту элементтерін болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлау үдерісіне ендіру жағдайында олардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың қажеттілігі артады. Өйткені бүгінгі педагогтың жасампаз, бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашактағы кәсіби іс-әрекетіне қызығатын, кәсіби іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы тиіс екендігі анық.

Эльмира Айтенованың докторлық диссертациясында болашақ педагог кадрлардың жоғары білім алу барысында келешектегі кәсіби қызметтіне практикалық бағдарлы даярлануын, яғни практикалық дайындығын күшету мәселелерінің теориялық негіздері анықталып, практикалық қамтамасыздандырылуы оның зерттеуінің өзектілігін арттырады.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негізделу және шынайылық дәрежесі

Айтенова Эльмира зерттеу барысында **4 ғылыми нәтижеге қол жеткізген.**

1. Дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық негіздерін аныктаған.

2. Дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс әрекетке даярлығының компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін аныктаған, яғни аталған даярлық күйінің теориялық моделін жасаған.

3. Дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс әрекетке даярлығы қалыптасуының психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындаған.

4. Дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс әрекетке даярлығын қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделін жасаған және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерген.

Осы атап алған ғылыми нәтижелердің далелділігі ізденушінің философия, әлеуметтану, педагогика, психология ғылымдары бойынша дуальді-бағдарлық оқыту, болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлығы қарастырылған шетелдік және отандық енбектерге талдау беруімен; дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс әрекетке даярлығын қалыптастыру үдерісін дәлелді негіздеуімен; оның құрылымдық-функционалдық моделін жасауымен, психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындауымен және оларды негізді сипаттауымен; дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс әрекетке даярлығын қалыптастыру әдістемесін жасауымен, сондай-ақ, мектеп, колледж, ЖОО-ң өзара әрекеттестігінде эмпирикалық зерттеулер жүргізуімен, жоғары педагогикалық оку орындарының студенттеріне сауалнама алуымен, «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігін жүзеге асыру мекенизмі негізінде дуальді-бағдарлық оқытудың элементтерін жоғары педагогикалық білім беруге ендіру максатында ұсыныстар беруімен және оның бүгінгі қоғам сұранысынан шығуымен айқындалады.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Жоғарыда атап алған әрбір ғылыми нәтиженің жаңалығына тоқталатын болсақ, ізденуші «дуальді-бағдарлық оқыту» ұғымын айқындау барысында «дуальді оқыту», «дуальді білім беру», «дуальді жүйе» түсініктерін өзінің зерттеу пәніне сәйкес нақтылаған. Соның негізінде дуальділіктің – «қос тұластық, екілік», «бірынғай ұйымдастырушы тұластық» екендігін, болашақ мамандарды даярлаудағы дуальділік теориялық даярлығының оку орында, практикалық – өндірістік откізілетіндігіне мән бере отырып, «дуальді оқыту» осы екі орта іс-әрекеттерінің тендей үш әдіснамалық негізде (онтологиялық,

аксиологиялық, технологиялық) құрылу қажеттілігін көрсететіндігіне аса мән берген. Нәтижесінде: «*болашақ педагогтың қасіби даярлығындағы дуальді-багдарлық оқыту* – жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқыту элементтерін ендіруге негізделген жүйелілік, әдіснамалық айқындылық және практикалық қажеттілік қағидаларын іске асырудагы мектептің, колледждің және ЖОО-ның нәтижелі өзараәрекеттестігінде болашақ педагогтың практикалық даярлығын жетілдірудегі инновациялық траектория» деп ұсынған өзінің анықтамасын ойға қонымды, құптарлық деуге толық болады (Дисс.: 1.1).

Сонымен қатар, докторант зерттеу проблемасын шешуде *жүйелік, синергетикалық, біртұтастық, іс-әрекеттік, практикаға-багдарлық, құзыреттілік* әдіснамалық тұғырларды басшылыққа ала отырып (Дисс.: 1.2), ғылыми әдебиеттер мен сөздіктердегі зерттеу барысында «*қасіби іс-әрекет*», «*педагогикалық іс-әрекет*» түсініктерін жан-жақты талдаған. Галымдар: И.М.Кантор, В.М.Полонский, И.П.Подласый, П.П.Пидкасистый, Н.Д.Хмель және т.б. еңбектеріндегі педагогикалық іс-әрекеттің мұғалімнің лауазымдық міндеті және атқаратын функцияларынан туындастырынын негізденген. *Болашақ педагогтың қасіби іс-әрекеті* ұғымын «*педагогикалық процессте субъект-субъекттілік өзара әрекеттесуінде оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеу, әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын атқарудағы әрекеттер жиынтығы*», деп нақтылаган (Дисс.: 1.3). Докторант мұнымен шектелмей, ғылыми әдебиеттердегі «*педагогикалық іс-әрекетке даярлық*» ұғымының қарастырылуын топтастыра отырып, бұл – педагогтың қасіби тұлғалық сапасының деңгейі мен күйі деп түйіндейді.

Ал бұл болса, автордың «*болашақ педагогтың қасіби іс-әрекеті* – оның педагогикалық процессте субъект-субъекттілік өзара әрекеттесуінде оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеу, әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын атқарудағы әрекеттер жиынтығы; *болашақ педагогтың қасіби іс-әрекетке даярлығы* дегеніміз – оның мотивациялық-құндылықтық, инновациялықтанымдық, процессуалдық-нәтижелік құрамдарына сәйкес педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелі болуын айқындастың қасіби-тұлғалық сапаларының кіріктірілген сипаттамасы» деп шартты түрде ұсынған өзінің анықтамасын колдауға болады. (Дисс.: 1.3).

Ә.Айтенова енбегінің ерекшелігі, оның ойының бірінен-бірінің туындау жатуы. Мәселен ол өз анықтамасында белгілеген компоненттерге сәйкес болашақ педагогтың қасіби іс-әрекетке даярлығын айқындастың қасіби-тұлғалық сапаларды (эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық) үш топқа жіктейді. Атап айтқанды, *эмоционалдық-еріктік* сапаларға қасіпке бағыттылық, еңбеккорлық, жауапкершілік, шыдамдылық, өзіне сенімділікті, *интеллектуалдық-креативтілікке* қасіби білімділік, жаңашылдық, зерттеушілік, креативтілік, әрудицияны, *коммуникативтік-бағалаушылыққа* басқарушылық, ұйымдастырушылық, толеранттылық, эмпатия, рефлексияны жатқызады (Дисс.: 2.1).

Э.Айтенова дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс әрекетке даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтаған. Оны байлайша жүйелеп көрсеткен: дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын психологиялық қамтамасыздандыратын психотехнологиялық бағдарлама кешенін әзірлеу және оны оку-тәрбие процесінде тиімді пайдалану; теориялық қамтамасыздандыратын «Дуальді білім берудің негіздері» элективті курсын, «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикумын оку процесіне ендіру; практикалық қамтамасыздандыратын «Мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің механизмін жасау және оны жүзеге асыру. Докторант диссертацияда аталған психологиялық-педагогикалық шарттарды жеке-жеке негіздеген (Дисс.: 2.2).

Автор ұсынған дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін жасаған және оны жан-жақты мазмұндаған. Модель тұжырымдамалық, технологиялық және өлишемдік болып табылатын үш құрамдас бөліктен тұрады. Онда көрсетілген дамытудың тұғырлары, мазмұны, әдіс-тіслдері мен құралдары, формалары бағалау өлшемдері аса қызығушылық тудырады. Оған қоса диссертант дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық өлшемдерін және оған сәйкес көрсеткіштерін анықтаған. Соның нәтижесінде даярлық деңгейлерін пассивтік (төмен), белсенділік (орта), жасасаптаздық (жогары) деңгейлерін белгілеген және дәлелді негіздеген (Дисс.: 2.3).

Осы тұста аса мән беріп айта кететін жайт, докторанттың алдымен аталған даярлықтың теориялық моделін жасап алуы (нені қалыптастыратындығын), ал содан кейін осы даярлықты қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделін (қалай қалыптастыратындығы) диссертациялық зерттеудің логикалық байланысының терендігін көрсетеді. Яғни, автор аталған модельдің тиімділігін айқындау үшін тәжірибелік-эксперимент жұмысын жан-жақты жүргізген және он нәтиже алғандығы өте құптарлық (Дисс.: 3.1; 3.3.).

Сондай-ақ, Э.Айтенованаң зерттеуінің практикалық құндылығы оның өзі жасаған «Мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігінің механизмине сәйкес біркатор іс-шараларды (мектеп базасында: педагогикалық сыйнып құрылған, ментор тағайындаған, студенттің траекториясын анықтаған, аптасына 1 құндік практика, таңдау пәні бойынша, сауықтыру лагеріндегі жазғы практика, мектепте Ашық есік күнін, бірлестікте жобалар үйімдастырған. Колледж базасында: педагогикалық шеберхана құрған, ментор тағайындаған, бірлескен курстық, дипломдық жұмыстарын әзірлеген, жобалар дайындаған; ЖКОО базасында: психотехнологиялық бағдарлама, элективті курстар мен практикум жүргізген; мектеп-колледж-жоо өзара әрекеттестігінде ғылыми-практикалық іс-шаралар орындаған) жүзеге асыруы болып табылады (Дисс.: 3.2.).

4.Ізденушінің алған нәтижелерінің тиесті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған корытындылары мазмұнды құрылған ішкі біртұтастығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысының құндылығы оның мақсаттық ұстанымымен, диссертация құрылымының нақтылығымен, ондағы 3 тараудан, 9 параграфтан тұратын әрбір бөлімдердің өзара идеялық, логикалық байланыстырымымен автордың теория мен практикаға енгізген ғылыми жаңалықтарымен сипатталады. Диссертацияны Қазақстандық педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуымызға болады. Өйткені мұнда педагогика ғылымы тұрғысынан бүгінгі күндегі көкейкесті проблема алғаш рет «мектеп-колледж-жоо» өзара әрекеттестігі тұрғысында болашак педагогтардың кәсіби қызметіне практикалық бағдарлы даярлануын, яғни практикалық дайындығын күшету шешімін тауып отыр. Сондықтан оның нәтижелерін оқу-тәрбие ісінің теориясы мен практикасында пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен корытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен корытындысы 18 (он сегіз) енбекте жарық көрген. Соның ішінде 8-і КР БЖФМ Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 7-еуі халықаралық конференциялар (оның 4-еуі шет елдік) материалдарында, 1-еуі оку-әдістемелік құралда жарияланған.

6. Диссертация мазмұндағы және рәсімделуіндең кемшіліктер

Диссертация мазмұны мен оны рәсімдеу бойынша келесі ұсыныстар айтуға болады:

1) Диссертацияның 3.2 бөлімінде берілген «Дуальді білім берудің негіздері» элективті курсы мен «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайындағы педагогикалық іс-әрекет» практикумын құрастырып, оқу үдерісіне ендіргені өте құптарлық. Осы орайда элективті курс пен практикумың өткізуі барысын көнірек баяндалса, зерттеудің құндылығы арта түсер еді.

2) диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер сілтемелерін көрсеткенке реттілік сакталмаған.

3) диссертацияда ішінәра стильдік, орфографиялық қателер кездеседі.

7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Осы айтылған кемшіліктер диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық құндылығына нұксан келтірмейді. Бұл жұмыс

педагогика ғылымы саласындағы зерттеулерге қойылған қазіргі заман талаптарын қанағаттандырады деп санаймын. Өйткені еңбекте ғылыми-теориялық және практикалық түрғыда үлкен маңызға ие бүгінгі күннің өзекті проблемасы жан-жакты шешілген. Айтенова Эльмира Абдикалиевнаның «Дуальді бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс әрекетке даярлығын қалыптастыру» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Оның авторы Айтенова Эльмира Абдикалиевна 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық, деп есептеймін.

Рецензент:

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік ғылымдардың өндөр»
кафедрасының менгерушісі
PhD доктор



Нуржанбаева Ж.О.

